

**8D11361-"Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған "Қазақстан қалаларында қоғамдық көлікті дамыту концепциясының ғылыми-практикалық негіздері" тақырыбындағы Л.К. Бекмагамбетованың докторлық диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

**ШІКІРІ**

Л.К.Бекмагамбетованың диссертациялық жұмысы қоғамдық көлік жұмысының сапасын жақсарту және автобустарды пайдаланудың тартымды баламасын ұсыну мақсатында өзекті тақырыпта жүргізілген. Айта кету керек, бұл тақырыпқа көптеген ғалымдар мен жергілікті билік органдарының басқарушы аппараттарының үлкен қызығушылығына қарамастан, бүгінгі күнге дейін қоғамдық көліктердің, оның ішінде автобустардың жұмысын ұйымдастыру мәселесі өзекті болып қала береді және оның жұмысын тиімді ұйымдастыру үшін жаңа тәсілдерді қажет етеді. Осыған байланысты, осы жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы Қазақстанда қоғамдық көлікті дамыту тұжырымдамасының ғылыми-практикалық негіздерін әзірлеу қажеттілігі айқындалды.

Диссертацияның атауы оның мазмұнына толық сәйкес келеді. Диссертацияның тақырыбы толығымен қарастырылған, ол PhD философия докторы дәрежесін алу үшін докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Автор ғылыми жұмыстарды ұсыну талаптарына сәйкес, 4 бөлімнен тұратын диссертация құрылымын, қорытындыны, практикалық ұсыныстарды, пайдаланылған дереккөздер мен қосымшалардың тізімін пайдаланды.

Ішкі логика мен бірлікті көрсете отырып, бөлімдердегі материалды қысқаша баяндау терең пысықталған ғылыми және техникалық материалға негізделген.

Нақты тұжырымдалған міндеттер, әдістердің таңдауы және зерттеу кезеңдерінің дәйектілігі, жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша тұжырымдар автордың проблеманы біртұтас көзқарасын және мақсатқа жету үшін қойылған міндеттерді шешу жолдарын көрсетеді.

Докторант жүргізген ғылыми зерттеулер барысында келесі нәтижелер алынды:

- жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейінің көрсеткіші тұжырымдалды және негізделді;

-осы көрсеткіш бойынша тұрақты тасымалдар сапасының деңгейін анықтауға негізделген тәсілдер анықталды;

-жолаушылар автомобиль көлігімен тұрақты тасымалдау тиімділігінің өлшемі ретінде сапаны басқарудың жаңа тәсілі ұсынылды;

-жолаушылар автомобиль көлігімен тұрақты тасымалдауды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми-практикалық іс-шаралар ұсынылды.

Ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері білім беру саласындағы бақылау комитетінің ұсынымдарына сәйкес жарияланды және 6 басылымда ұсынылды, оның біреуі Скопус дерекқорына кіретін журналда жарияланды. Жұмыста қойылған міндеттер өз шешімін тапты.

Практикалық маңыздылығы-ізденуші енгізу актісімен расталған және 6 ғылыми-практикалық конференцияда баяндалған авторлық эзірлемелерді ұсынды.

Автор эзірлеген автобустардың ұтымды санын анықтаудың математикалық моделі, жолаушылар көлігі қызметтерінің сапасын бағалау әдістері, сондай-ақ қалалық қоғамдық көлігін дамытуға арналған тұжырымдамасын эзірлеу алгоритмі сөзсіз ғылыми және практикалық қызығушылық тудырады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Л.К.Бекмагамбетованың диссертациялық жұмысы толық және логикалық негізделген сипатқа ие, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетінін атап өтуге болады.

Осыған байланысты, Бекмагамбетова Лаура Қалмахановнаның диссертациялық зерттеуі 8D11361-«Тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлікті пайдалану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жария қорғауға жіберілуі мүмкін деп санаймын.

Ғылыми кеңесші, т.ғ.к.,

ЛЖКА қаумдастырылған профессоры

*М.Н. Айкумбеков*  
М.Н.Айкумбеков

